

## **ВШК Анықтамасы**

**Тақырыбы:** Ыстық тамақты ұйымдастыруды және білім алушыларды ыстық тамақпен қамтуды бағалау

**Мақсаты:**

Мектеп асханасында ыстық тамақтың ұйымдастырылу сапасын, оқушылардың қамтылу деңгейін және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалау. Оқушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, аз қамтылған және көпбалалы отбасылармен жұмысты ұйымдастыру, әлеуметтік көмек пен қолдауды үйлестіру.

**Бақылау формасы:** құжаттық және ауызша (әңгімелесу, талдау) бақылау.

**Тексеру мерзімі:** 2 -15 қыркүйек 2025жыл

**Жауаптылар:** әлеуметтік педагог Рахметова А.Д , Кулманова А.К.

**Атқарылған жұмыстар:**

Құжаттық жұмыс 2025-2026 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтың жылдық және айлық жоспары жасалып бекітілді. Оқушылардың әлеуметтік паспорттары жаңартылды, (тегін тамақтанатын, аз қамтылған, көпбалалы, қамқоршылықтағы және толық емес отбасылыр тізімі). Мектеп асханасында ыстық тамақ беру үдерісі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Асхана бөлмесі жарық, кең, таза және желдетілуі жақсы. Қызметкерлер санитарлық нормаларға сай арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Күн сайынғы ас мәзірі мектеп әкімшілігі мен медициналық қызметкер тарапынан бекітіліп, тағамдар балалардың жас ерекшелігіне сай дайындалады. Тағамның сапасы мен температурасы талаптарға сәйкес. 1-4 сыныптар күнделікті асханада ыстық тамақпен қамтамасыз етілген және 5–11 сыныптар арасында әлеуметтік санаттағы оқушылар (яғни аз қамтылған, көпбалалы, қамқоршылықтағы және толық емес отбасы) **30 оқушы ыстық тамақпен қамтылған**. Оқушылардың тамақтануы уақтылы және ретімен жүргізіледі. Асханаға оқушылар FACE ID апараты бойынша тіркеліп кіреді. Асханада тегін тамақтанатын оқушылардың тізімін бақылап тамақтану журналына тіркеліп отырады. Жалпы алғанда, ыстық тамақ ұйымдастыру сапасы **жақсы деңгейде** деп бағаланады.

**Қорытынды:** Мектепте ыстық тамақ ұйымдастыру жұмысы талапқа сай жүргізіліп отыр. Асхана санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтайды, тағам сапасы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілген. Асхана қызметкерлері өз міндеттерін жауапкершілікпен орындайды.

**Ұсыныстар:**

1. Тағам сапасын және санитарлық тазалықты тұрақты бақылауда ұстау;
2. Әлеуметтік санаттағы оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды жалғастыру;
3. Ас мәзірін маусымдық тағам түрлерімен толықтыру.

**Анықтама жазған:**

Әлеуметтік педагог Кулманова А.К. Рахметова А.Д,

## **ВШК Анықтамасы.**

### **Тақырыбы:**

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын өткізу барысын тексеру туралы

### **Мақсаты:**

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушыларға көмек көрсету жұмыстарының ұйымдастырылуын, құжаттардың дұрыстығын және көмек көрсету сапасын бағалау.

**Тексеру мерзімі:** 1 тамыз - 30 қыркүйек 2025 жыл

**Жауаптылар:** әлеуметтік педагог Рахметова А.Д , Кулманова А.К.

### **Атқарылған жұмыстар:**

Мектепте «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы 2025 жылдың 1 тамыз–30 қыркүйек айларында жоспарға сәйкес өткізілді. Акцияның негізгі мақсаты – әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезінде материалдық көмек көрсету. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қолдауымен 91 оқушы көмекпен қамтылды. Оқушыларға оқу құралдарын алуға, 46 202 теңге қаржылай көмек көрсетілді. Көмек алған оқушылардың тізімі әлеуметтік педагог тарапынан жасалып, тіркеу журналында рәсімделген. Құжаттар толық және ретімен жүргізілген. Тексеру барысында анықталғандай, іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылған, көмек нақты мұқтаж отбасыларға бағытталған. Ешқандай ескерту болған жоқ. Есіл ауданы әкімдігінен 13 балаға мектепке рюкзак , концеляр тауарларымен көмек көрсетілді. Әл-Фараби мешітінен 10 балаға рюкзак пен мектепке қажет құрал- жабдықтарымен берілді.

### **Қорытынды:**

«Мектепке жол» акциясы мектепте жоспарға сай, тиімді және нәтижелі өткізілген. Әлеуметтік қорғалмаған оқушыларға нақты көмек көрсетілді.

### **Ұсыныстар:**

Осындай қайырымдылық акцияларын жүйелі түрде өткізу, демеушілермен байланысты нығайту және әлеуметтік қолдауға мұқтаж оқушыларды тұрақты бақылауда ұстау.

### **Анықтама жазған:**

Әлеуметтік педагог Кулманова А.К. Рахметова А.Д.

## **ВШК Анықтамасы**

**Тақырыбы:** 5–6 сынып оқушылары арасында құқық бұзушылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша әлеуметтік педагог жұмысының жай-күйі

**Мақсаты:**

Құқық бұзушылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағытында әлеуметтік педагогтың жүргізген жұмысын талдау, құжаттардың номенклатураға сай толтырылуын және оқушыларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетудің тиімділігін бағалау.

**Тексеру мерзімі:** 1 -21 қазан 2025жыл

**Жауаптылар:** әлеуметтік педагог Рахметова А.Д , Кулманова А.К.

**Атқарылған жұмыстар:**

2025–2026 оқу жылының басынан бастап әлеуметтік педагог тарапынан 5–6 сынып оқушылары арасында құқық бұзушылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Сынып жетекшілермен және мектеп психологымен бірлескен алдын алу кеңестері ұйымдастырылды. Әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетуді қажет ететін оқушылармен жеке әңгімелер жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен жиналыстар өткізілді. Құжаттар (жеке карталар, актілер, есептер, әлеуметтік паспорт) номенклатураға сай, уақытылы жүргізіліп отыр. Қолайсыз, аз қамтылған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұрақты бақылауда, оларға әлеуметтік және психологиялық қолдау уақытылы көрсетілуде.

**Қорытынды:**

5–6 сынып оқушылары арасында құқық бұзушылық пен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша әлеуметтік педагогтың жұмысы жоспарлы түрде және тиімді деңгейде жүргізілуде. Құжаттамалар талапқа сай, жұмыс бағыттары өзекті және нәтижелі.

**Ұсыныстар:**5-6 сынып оқушыларымен жеке жұмысты жалғастыру.

Психологиялық тренингтер мен құқықтық тақырыптағы кездесулерді жүйелі өткізу.

Ата-аналармен тығыз байланыста болу және алдын алу шараларын күшейту.

**Анықтама жазған:**

Әлеуметтік педагог Кулманова А.К. Рахметова А.Д.

## **ВШК Анықтамасы**

**Тақырыбы:** № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелерге сәйкес білім алушыларды сапалы тамақпен қамтамасыз етуге арналған мониторингілеу комиссиясының жұмысын ұйымдастыру.

**Мақсаты:**

Ай сайынғы негізде тамақтау сапасын тексеру. Балалардың тиым салынған өнімдермен улану жағдайларының алдын алу және болдырмау. Санитарлық талаптарды мүлтіксіз сақтауға және қосымшада көрсетілген тамақ өнімдерін пайдалануға және өткізуге тыйым салу.

**Тексеру мерзімі :** 2025-2026 оқу жылында 9 ай бойы

**Бақылау формасы:** Сатылымға шыққан буфеттік өнімдердің сапасын тексеру. Тегін тамақпен қамтылған оқушыларды Fact ID өтуін қадағалау.

**Тексеруді жүзеге асырғандар:** комиссия мүшелері және әлеуметтік педагог

Кулманова А.К, Рахметова А.Д

ҚР «Білім туралы Заңының, ҚР БҒМ 31.10.2018ж. №598 бұйрығымен және «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 26 ақпандағы №107-01/12354 хаты негізінде көрсетілген, білім беру ұйымдарда, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік осал топтан шыққан балаларды тегін тамақпен қамтамасыз етуге байланысты, 29.08.2025ж №163 бұйрықтың негізінде, 2.09.2025 жылынан бастап, 1-4 сыныптар 1440 оқушы, аз қамтылған отбасылардан, көпбалалы отбасылардан, қамқоршылықтағы балалар барлығы тегін тамақтанумен қамтылған 5–11 сыныптар арасында 30 оқушы тегін тамақтанумен қамтылған. ҚР «Білім туралы Заңының, ҚР БҒМ 31.10.2018ж. №598 бұйрығымен және «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 26 ақпандағы №107-01/12354 хаты негізінде көрсетілген, білім беру ұйымдарда, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік осал топтан шыққан балаларды тегін тамақпен қамтамасыз етуге байланысты, 29.08.25ж №164 бұйрық негізінде Тамақтану сапасының мониторингі жөнінде бракеражный комиссия мүшесі құрылды. 23.09.25ж мектеп асханасына балалардың тамақтандыру бойынша мониторинг комиссия мүшелері тексеру жүргізді.

**Ұсыныстар:** Асхана ұжымы жоғарыдағы көрсетілген тамақтың құрамына, мөлшеріне, асхана тазалығына, санитарлық нормаларға мән беру керек.

**Анықтама жазған :**

Әлеуметтік педагог Кулманова А.К. Рахметова А.Д

## **ВШК Анықтамасы**

### **Тақырыбы:**

Қолайсыз отбасылардан, аз қамтылғандардан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалардан шыққан оқушыларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету жұмысы туралы

### **Мақсаты:**

Әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушыларға көрсетіліп жатқан әлеуметтік және психологиялық қолдау шараларының орындалуын, олардың оқу-тәртіп жағдайын және құжаттардың жүргізілу сапасын анықтау.

**Мерзімі:** 20-24 қазан 2025жыл

### **Тексеруді жүзеге асырғандар:**

әлеуметтік педагог

Кулманова А.К, Рахметова А.Д

### **Атқарылған жұмыстар:**

Мектеп бойынша әлеуметтік қорғауды қажет ететін оқушылардың дерекқоры жасалған.

Олардың қатарында: Аз қамтылған отбасылардан шыққан 47 оқушы. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар 2 оқушы. Барлық оқушылар әлеуметтік педагогтың, сынып жетекшілердің және мектеп психологының тұрақты бақылауында.

Әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың үй жағдайына тексеру актілері толтырылған, әр оқушыға жеке жұмыс картасы мен әлеуметтік-психологиялық қолдау парағы рәсімделген.

Психологпен бірлесіп жеке және топтық әңгімелер, тренингтер өткізілді. Ата-аналармен алдын алу және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға қажетті оқу құралдары мен киім түрінде материалдық көмек көрсетілген. Құжаттар (актілер, тізімдер, есептер, жеке істер) номенклатураға сай, дұрыс толтырылған.

### **Қорытынды:**

Аз қамтылған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға әлеуметтік-психологиялық қолдау жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде.

Әр оқушыға жеке бақылау орнатылған, көмек уақытылы көрсетіледі. Психологиялық және әлеуметтік қолдау бағытындағы шаралар тиімді деңгейде ұйымдастырылған.

### **Ұсыныстар:**

Бұл санаттағы оқушылармен жеке жұмысты жалғастыру және психологиялық сүйемелдеуді күшейту. Отбасымен өзара байланысты арттыру. Қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету жұмыстарын жалғастыру.

### **Анықтама жазған :**

Әлеуметтік педагог Кулманова А.К, Рахметова А.Д